

**Отандық және импортталған акциздік тауарлардың жекелеген түрлеріне қойылатын акциз ставкалары туралы /Үзінді/**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 ақпан N 146. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.14. N 974 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Отандық өндіріс тауарларының жекелеген түрлеріне акциз ставкалары осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

Акциздердің аталған ставкалары қосымша құнға салынбаған салықсыз еркін баға негізінде 1995 жылдың 20 ақпаннан бастап жөнелтілген акциздік тауарлар / өнімдер/ үшін төленген есептер бойынша айналымдарға қолданылады.

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден тысқары жерлерден, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден әкелінген импорт тауарларының жекелеген түрлеріне акциз ставкалары осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.

Жасалған контрактылар /шарттар, келісімдер/ бойынша және 1995 жылдың 20 ақпанына дейін толық төленген оның ішінде Қазақстан Республикасының басқа заңды ұйым-резиденті немесе резидент емесі, сондай-ақ бартерлік операциялар бойынша төленген аталған тауарларға, егер тауарлар экспортқа 1995 жылдың 20 ақпанына дейін шығарылған болса, 1995 жылдың 20 ақпанына дейін қолданылып келген ставкалар бойынша салық салынады.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 13 ақпандағы  
N 146 қаулысына  
N 1 қосымша

жекелеген түрлеріне қойылатын  
АКЦИЗ СТАВКАЛАРЫ

---

Тауарлар атауы	Акциз ставкалары қосылған құнға салынатын салықсыз босату бағаларындағы құнға процент есебімен
Арақ	70
Кілем және кілем бұйымдары	0

---

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 13 ақпандағы  
N 146 қаулысына  
N 2 қосымша

Импортталған тауарларға қойылатын

АКЦИЗ СТАВКАЛАРЫ

---

Сыртқы экономикалық қызмет  тауар номенклатурасының коды	Тауарлардың атауы     процент есебімен	Акциз ставкалары   кеден құнына
180631, 180632, 180690 2208 /220890910, 220890900-нан басқасы/	Шоколад және шоколад өнімдері Күшті спирт ішімдіктері, ликерлар және басқа алкоголь ішімдіктері; сусын жасауға пайдаланылатын	55 */ 300 **/

2402 кұрамында спирті бар жартылай  
өнімдер  
Сигаралар /оның ішінде ұштары  
қиылған/ сигариллалар және  
темекіден немесе оны  
алмастырғыштардан жасалған  
сигареттер  
100 \*\*/

---

Ескерту. \*/Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден  
тысқары жерлерден әкелінген тауарлар үшін;  
\*\*/Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттерден  
тысқары жерлерден, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер  
Достастығына мүше мемлекеттерден әкелінген тауарлар  
үшін.